



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ:
ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

Х-шы Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
5 мамыр 2020 ж.

**СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА:
ПЕРСПЕКТИВЫ И ВЫЗОВЫ**

Материалы X-Международной
научно-практической конференции
5 мая 2020 г.

Нур-Султан, 2020

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нуртазина**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия
Доктор политических наук, профессор **Хасан Язиджы**, Турция
Депутат VI Созыва Палаты представителей Национального собрания
Республики Беларусь – **Жданович Павел Леонидович**

Организационный комитет конференции: E-mail: polscience323@gmail.com

Информация о конференции на сайте: enu.kz

Рыстина И.С. – доктор PhD, доцент, зав.кафедрой политологии

Копежанова Д.Е.- доктор PhD, доцент кафедры политологии

Болатулы Нуржан – преподаватель кафедры политологии

**«Социально-политическая модернизация казахстанского общества:
перспективы и вызовы».**

Сборник материалов X- Международной научно-практической
конференции. (5 мая 2020 г) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337- 131-3

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки, философии Абая Кунанбаева в современных социально-политических реалиях, волонтерства в контексте формирования гражданского общества и реализация программы «Рухани жанғыру», как новые тренды духовного обновления нации.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337- 131-3

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2020.

ОӘК:323(574)

*Кеңпейіл Жанарбек,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
«Саясаттану» мамандығы I курс магистранты,
k_janarbek@yahoo.com
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан,
«Рухани жаңғыру» бағдарламасы: ұлттың рухани жаңаруының
жаңа трендтері
Ғылыми жетекші-Қаленова Т.С.*

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ТҮРІК ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ӨСИЕТТЕРІ

Аннотация

В данной статье исследуются труды Великих мыслителей тюркского мира в контексте программы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». В статье предпринимается попытка осветить и проанализировать основные работы Абу Насыра аль-Фараби, Ходжа Ахмета Яссауи и Юсупа Баласағуни.

Abstract

This article explores the works of the Great thinkers of the Turkic world in the context of the program “Bolashaka badar: ruhani zhagyru”. The article attempts to illuminate and analyze the main works of Abu Nasyr al-Farabi, Khoja Ahmet Yassawi and Yusup Balasaguni.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», сондай-ақ, 2018 жылы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларын жариялап халыққа үндеу жасады. Бұл мақалаларда жаһандану кезінде қазақ халқы ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға апаратындығы айтылады. Сол үшін қазақ өзіндік ұлттық кодын сақтап, бабаларымыздан мирас болып қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек екендігі назарға ұсынылады. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

Ұлттық сана жаңғырту үшін ата-бабаларымыздың өткенде қандай жетістіктерге жеткенін білуіміз керек деп ойлаймын. Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұлан-ғайыр Далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты. Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан [1].

Жүсіп Баласағұни Қашқар қаласы, Шығыс Түркістанда өмір сүрген. Оның өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. Жүсіп Баласағұни Философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан.

«Бала тәрбиесі – бесіктен», «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер» деген өсиетті сөздерді ата-бабамыз біз үшін қалдырғаны анық. Тәрбие дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы іріктеп, жинақтап алған озық тәжірибесін, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын жас ұрпақтың бойына сіңіру, соған сай мінез-құлық қалыптастыру.

Саналы жастардың сана-сезімі «от басы, ошақ қасында» басталып одан мектепте қалыптасады. Сондықтан, жастарымыз еліне, ұлтына адал, сауатты болып өсуі керек. Қазақтың салт-дәстүрін, ата жолын, ана жолын ұғынбаған ұрпақ келешекке балта шапқанмен

бірдей. Осы орайда Ұлы ойшыл әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген екен.

Әбу Насыр әл-Фарабидің саясаттануға байланысты «Қайырымды қала тұрғындары көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жолдары», «Саясат туралы» деген еңбектері бар.

Әл-Фараби басқаруды қайырлы және қайырсыз деп екіге бөлді. Қайырлы, білімді, мәдениетті басқару халықты бақытқа бастайды, олардың іс-әрекетін, ерік-қасиетін осы жолға бағыттайды. Ол үшін басқару заң күшіне, игі тәжірибеге негізделуі тиіс. Ал қайырымсыз, надан басқаруда теріс әрекеттер мен жаман қасиеттер бой алады. Сондықтан ол надан адам басқарған, озбырлыққа сүйенген, қайырымсыз, қатал мемлекеттік тәртіпті өткір сынайды. Ол мінсіз мемлекетті дәріптейді.

Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» трактатында қала тұрғындарын бес топқа бөледі. Оның ойынша, «қайырымды қала бес түрлі адамдар тобынан құралады: ең құрметті адамдардан, шешендерден, өлшеушілерден, жауынгерлерден және байлардан». Әл-Фараби ең құрметті адамдарға ақылдыларды, пайымдағыш адамдарды, маңызды істерде беделге ие болғандарды жатқызады. Екінші топтағы шешендерге — діни қызметкерлерді, ақындарды, музыканттарды, хатшыларды сол сияқты шығармашылық жұмыспен айналысатындарды, ал өлшеушілерге-есепшілерді, дәрігерлерді, астрологтарды, математиканы оқытушыларды қосады. Әл-Фараби бойынша, байлар дегеніміз — қалада байлық табатын-дар, егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, қол өнершілер.

Әл-Фараби қайырымды қала басшысында алты түрлі қасиет болу керек деп есептейді. Олар: даналық, асқан пайымдылық, сенімділік, ойлау қабілетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықты болуы. «Осының бәрін өз бойында ұштастыратын адам барлық уақытта кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қою керек екенін көрсететін үлгі болады. Мұндай адам мемлекетті өзінің қалауынша басқара алады».

Әл-Фараби қоғамды мемлекеттен бөліп қарамайды. Қоғамның өзі адамның ағзасы сияқты «Қайырымды қала» дене мүшелерінің бәрі де тіршілік иесінің өмірін сақтау, оны анағұрлым толыққанды ету үшін бір-бірін толықтырып тұратын адамның сау тәні секілді көрінеді. Өйткені, қоғам да оның толыққанды мүшелерінен тұрады және олар да бір-бірін қажетсінеді. Адамдардың әлеуметтік теңсіздігі туралы айтқан әл-Фараби «адамдардың әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты қайырымдылық пен жаман әрекеттер де әуел бастан жаратылысынан дарымайды» олар адамдардың бір-біріне деген үстемдік құруға ұмтылысынан пайда болған деген ой түйеді [2].

Жүсіп Баласағын дегенде ақылға келетін «Құтадғу білік» (*Құтты білік*) кітабы. Бұл кітап [көне түркі тілінде](#) жазылған, [түркі тектес халықтардың](#) ортақ қазынасы болып саналады. Қазақ тіліне (2015) жылы «Құт Әкелген Білім» -деп жаңа атпен жарық көрді. Аударған Әбжан Құрысжанұлы.

Көптеген зерттеушілер бұл поэманы саясат, мемлекет басқару, әскери іс жөніндегі философиялық трактат деп жүр. Шындығында да, бұл жалаң әдеби дүние емес. Бұл бүтін бір тарихи кезеңнің мінез құлқын бойына сіңірген, қоғамдық саяси, әлеуметтік бітімі қанық, моральдық этикалық, рухани қазынамыздың негізі, арқау боларлық дүние.

Жүсіп Баласағын «Құт Әкелген Білім» кітабын мынындай төрт принцип негізінде жазады.

Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды нақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді.

Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт қонсын, деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі дастанда патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосады.

Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық ролі уәзірдің баласы Ұғдүлміш (Өгдүлміш) бейнесінде жырланады.

Төртіншісі,

қанағат-

ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Одгүрміш (Одғұрмыш) бейнесі арқылы әңгіме болады [3].

«Құт Әкелген Білім» кітабын қысқаша қортұндылайтын болсақ; Мемлекетті басқару ғылымы. Ол — түркі тілінде жазылған тұңғыш саяси еңбек. Оқырманын тәрбиенің түрлі салалары бойынша даналық ойлардан сусындататын тәлім-тәрбиелік энциклопедия. «мұсылман идеологиясына негізделген, сол идеологияны насихаттайтын, түркі тілінде жазылған жалғыз еңбек». Сондай-ақ Жүсіп Баласағұн — түркілік ислам әдебиетіндегі мадақ (Аллаға, пайғамбарға, сахабаларға, ел билеуші қағанға) жанрының негізін қалаушы.

Қожа Ахмет Яссауи орта ғасыр рухани әлемінде өзіндік қолтаңбасымен белгілі болған ойшыл ғұлама. Оның «Диуани Хикмет» яғни «Даналық кітабы» түркі халықтары арасында сопылық ағымның орнығуына қызмет еткен еңбектердің бірі.

«Даналық кітабы» жинағын толық түрде тұңғыш рет қазақ тіліне аударған ғалымдар, филология ғылымдарының докторлары Мұхамедрахым Жармұхамедұлы, Сәрсенбі Дәуітұлы, М. Шафиғи .Осы ғалымдарын ұсынысымен «Диуани Хикмет» сөзін «Ақыл кітабы» деп жаңа атпен аударылды.

Ғалым Келімбетовтың талдауынша: «Даналық кітабында» негізінен төрт нәрсе мадақталады. Олар: «шарифат»- Ислам заңдары мен әдет-ғұрыптарының жинағы; «тарикат» - сопылықтың идеясы, мұрат-мақсаты; «мағрифат»- дін жолын танып, оқып білу; «хақиқат»- құдай және оған жақындау»[4].

Қожа Ахмет Яссауи шарифат жолдарына сүйене отырып халықты ізгі қасиеттерге шақырды. Күнімізде «Диуани Хикмет» кітабы арқылы діни салада түрлі проблемалардан шешіміне жауап тауып, Қазақ елінің іргесін шайқалтпай берік етіп ұстап тұратын рухани тіректің бірі екендігі даусыз.

Қожа Ахмет Яссауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам “кемелдікке” жетуі үшін қажетті білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары – хикмет.

Қожа Ахмет Яссауи ілімінің танымдық тірегін құрайтын адамгершілік қағидалардың өзегі – ахлақ (мораль). Ахлақ – хикметтің нәтижесінде қалыптасқан рухани құндылықтар жиыны. Адам ахлақ арқылы адамдық болмысқа, мәнге ие болады. Яғни, адам ахлақтық-рухани құндылықтарды бойына сіңіргенде ғана “шындыққа”, “жан тыныштығына” қауышады.

Қожа Ахмет Яссауи ілімінде “жан тыныштығы”, “шындыққа жету” адамгершілік қасиет пен сипатқа ұласу арқылы тарикатта жүзеге асады.

Аллаға қауышудың жолы қоғамға, адамға қызмет ету – тікелей ахлақтық кемелдену арқылы өтеді. Нәтижесінде рухани тазалыққа, өзін өзі меңгеруге қолы жетіп, “Кемел адам” тұрпаты қалыптасады.

Қожа Ахмет Яссауи ілімінде Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ал, халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты – нәпсіні тыю боп келеді.

Қорыта айтқанда, Әлем жылдан жылға өзгеріп, жаһандану жағдайында барша ғалам өзгеруде. Осындай күрделі өзгерістерге ұшырап отырған заманда Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи және Жүсіп Баласағұн сияқты түркі әлемінің Ұлыларының мұраларын рухани жаңғыру мәселесінде әрдайым назарда ұстау қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy> 2020.04.29
2. <https://topreferat.com.kz/referattar/sayasattanu/11806-abu-nasyr-al-farabiding-sayasi-oy-pikirleri.html> 2020.04.29
3. <https://articlekz.com/kk/article/15463>. 2020.04.29
4. https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_Ahmad_Yassau_i_hikmet/2119284.html 2020.04.29